

2

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ
НАЦИОНАЛЬНАЯ КНИЖНАЯ ПАЛАТА РК
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF JOURNALISM
NATIONAL BOOK CHAMBER OF REPUBLIK KZ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ БАСПА
ІСІНІҢ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ РӨЛІ»

атты республикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

14 қараша 2013 жыл



МАТЕРИАЛЫ

республиканской конференции

«РОЛЬ ИЗДАТЕЛЬСКОГО ДЕЛА И ЭЛЕКТРОННЫХ ИЗДАНИЙ В
РАЗВИТИИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗАХСТАНА»

14 ноября 2013 года



MATERIALS

Republik Conference

«ROLE OF PUBLISHING AND THE ELECTRONIC EDITION IN
DEVELOPMENT OF INTELLECTUAL POTENTIAL OF KAZAKHSTAN»

November 14, 2013

Алматы
«Қазак университеті»
2013

СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық-саяси, мәдениет, экономика, техника салаларындағы бой көрсеткен жаңа бастамалар мен өзгерістер білім беру жүйесінде өз әсерін тигізіп, білім мен оны оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға әсер етуде. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму деңгейін ескеріп, өркениет білім берудің мазмұны мен формаларын жетілдіруді талап етеді. Еліміздің «Білім беру туралы» заңы мен көптеген нормативтік-құқықтық актілері осы талаптарға сай жаңа кәсіби бағдарламалар қажеттігін ескертеді. Білім беру жүйесін маңызды орынға қоя отырып, Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында білім беру мәселелеріне ерекше ден қойылған, сондықтан солардың кейбіріне қысқаша тоқталсақ, ондаіргелі міндеттер белгіленгенін байқаймыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлем бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақты қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп атап көрсетті [1]. Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған білім беру жүйесінің жаңаруы мен қалыптасуы жүріп жатыр. Оқу – тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы мен практикасында бұл үрдіс едәуір өзгерістермен жүргізіледі. Білім беру парадигмасының ауысуы жүріп жатыр: басқа жағынан келу, қарым-қатынас мазмұн, мінез-құлық, педагогикалық менталитет ұсынылуда. Қазақстанда дамуындағы жаңа жағдайлар жоғары кәсіби білім жүйесінің алдына жаңа басымдықтар мен міндеттерді қойып отыр. Ол халықаралық білім стандарттарына сай келуді қамтамасыз ету үшін білім беру үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнына жаңа шешімдер жасауды талап етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2007 ж. 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Күн тәртібіне еліміз дамуы үшін ой қисыны, сонымен қатар кең ауқымды сипаттағы терең мағынасы бар барымыз байыпты түбегейлі қоғамдық міндеттер қойылып отыр... Он жетінші бағдар бастауыш және орта білім беру, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесін әлемдік стандарттарға жақындату. Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатын деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз», – деп ерекше көрсетті [2]. Еліміз әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беруге жеткізуде және оған жету жолында жұмыстар үздіксіз жүргізілуде.



Елбасының 2012 ж. 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту–Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауының 7-ші тармағында: «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі. Бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау екендігіне жете тоқтала отырып, ... Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу» деп көрсеткен [3].

Ал, Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жасаған 2012 жылығы желтоқсандағы Жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қабылданған құжат еліміз үшін аса маңызды бағдарлама болып табылады. Аталған бағдарлама – бұған дейін қабылданып, кезең-кезеңімен жүзеге асып келе жатқан «Қазақстан-2030» Стратегиясының заңды жалғасы бола отырып, Қазақстанның 2050 жылға дейін әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекет қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы мерзім ішінде жүзеге асырылуға тиісті жеті басымдылығының мұндада төртіншісі - Білім және кәсіби машық. Қазақстан жұрты жаһандағы білімі жоғары ұлтқа айналуы тиіс. Бұл ретте жастар, дәл осы мәселенің қозғаушы күшіне айналуы керек, деп белгіленген болатын. Елбасымыз әр жылғы Қазақстан халқына Жолдауларында елімізде білім беру жүйесі мен оны дамытуға ерекше мән береді. Сондықтан ХХІ ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгерту қажет болып отырғаны белгілі. Жоғары білімді дамытудың негізгі процесі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономикалық қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады.

Қазақстанда білім беруді ақпараттандыруды жүзеге асырудың басты ұстанымдары: жүйелілік; жоспарлық; жұмыстың сатылығы; концептуалды дәлелі болып табылады. ХХ ғ. 90-шы жылдарының аяғында оқу орындарын компьютерлермен жабдықтау маңызды мәселелердің бірі болды, ал қазіргі уақытта оқу орындарындағы компьютерлерді білім алуға барынша қолдану қажеттілігі туып отыр. Білім жүйесін ақпараттандыру қоғамды ақпараттандыру үдерісінің негізгі бағыты болып табылады. Білім беру жүйесінде, білімнің ақпараттандыру проблемасын іс жүзінде шешу жүйесі біздің елімізде 1997 жылдан жүргізіле басталды.

2004 жылы ақпан айында ҚР-ның Үкіметі бекіткен 2015 жылға дейінгі Білім жүйесін дамыту тұжырымдамасы оқушыларды бастауыш мектептен бастап үш тілде: қазақ, орыс және шет тілдерінде оқытуға бағытталған. Осыған орай, оқу үдерісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы ақпараттандыруға көп көңіл бөлініп отыр. Бұл жағдайда оқу үдерісін электронды оқу басылымдары негізінде ұйымдастыруға болашақ оқытушыларды әдістемелік тұрғыдан даярлау мәселесінің мәні зор [4, 66].

Бүгінгі студент – болашақ заманның саналы, мәдениетті азаматтары ретінде өзінің елінің, ата - бабасының тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, білуге тиісті. Ата-бабасының тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу адамның Отанға деген ұлтжандылық сезімін оятады. Осыған байланысты қазіргі уақытта ЖОО-да оқытылатын пәндерді оқытуды жақсартып, оқыту әдістемесін



дамытып, оны жоғарғы сатыға көтеру қажеттілігі бүгінгі күнде өзекті әрі қажет. Соңғы кезде білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес, оқу үдерісінде электронды ақпараттық құралдардың пайдаланылуы және бұған қоса отандық бағдарламалық құралдардың шетелдік үлгіде тиімді қолданылуы біздің елімізде жалпы жұртшылықтың қызығушылығын арттырып отыр.

Бүгінгі таңда ғалымдар оқыту үдерісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесін жан-жақты қарастыруда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар және тағы басқалары. Интернет ресурстарын жан-жақты меңгеру мүмкіндіктері пайда болды, қашықтық оқыту орталықтарына шығу жолдары анықталды. Міне, осындай жағдайларда жоғары оқу орындарында пәнді оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндіктер жасалуда. Студенттерге Web-сервермен жұмыс жасауға мүмкіндік туып, ЖОО туралы және басқа ақпараттарды өздерінің Web-беттерінде орналастыра алады. ЖОО телекоммуникациялық жүйені қолдана отырып, электронды пошта арқылы түрлі телеконференцияларға қатыса алады. Қазіргі кезде студенттер виртуалды басқа қаладағы, басқа елдегі өздерінің замандастарымен байланысып, қашықтық олимпиадалары мен конкурстарға қатысып оқуға деген ынтасын жоғарылата алады.

Білім беру жүйесіндегі –ақпараттандыру дегеніміз берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды алмастыру, оларды дамыту, нақты жүзеге асыру болып табылады. Бүгінгі күні білім беру жүйесінің ақпараттандыру ісінің басты мақсаты –заман талабына сай студенттерді тұрмыстық –қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады [5, 236.].

Осыдан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бүгінгі күні дәстүрлі оқыту үдерісін өзгертуге нәтижелі тәжірибенің жинақталғаны байқалып отыр. Жаңа ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісі оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекетінсіз, олардың өзара байланысынсыз жүруі мүмкін емес. Оқытушы қанша білім беруге тырысқанымен, егер білім меңгеруге студенттердің өздерінің белсенділіктері болмаса, егер оқытушы бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастырмаса, онда оқыту үдерісі нақты жүрмейді, өзара қарым-қатынаста болмайды. Сондықтан да, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісінде оқытушы мен студент арасында тек жай ғана өзара қарым-қатынас емес, педагогтың компьютерлік технологиялар арқылы жеке тұлғаға әсері, ішкі жан дүниесінің бейнесі, студенттің білімді, іскерлікті, дағдыны, тәртіптіліктің және дамудың белгілі бір элементтерін өз бетінше меңгеруге талпынысы олардың өзара бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде ғана пайда болады. Оқыту үдерісін ақпараттандыру барысында студенттердің зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесінде өз бетімен білім алу жолы ерекше орын алады деуге болады. Өздерінің танымдық және практикалық іс-әрекеті мазмұның студенттер өз бетімен анықтайды. Бұл жағдайда оқу мазмұның педагог түсініп, ұғып, өңдеп жеткізгендей болғанымен, кейде дәріс мазмұнда белгіленген жоспардағы мәселелер қандай да бір әдісті қолданғанымен толық көлемде жеткізу мүмкін бола бермейді. Сондықтан студент мұндай дәріс мазмұнындағы кейбір мәселелерде өз бетімен меңгереді. Мұндай оқу мазмұның меңгеру өз бетімен білім алу - деп аталады және ол адамның жеке тәжірибесі болып табылады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, өз бетімен білім алу – адамның білімді және біліктілікті меңгерудегі ең белсенді үдерісі [6, 163-169б].

Компьютерлік технологиялар жағдайында студенттердің танымдық қызметін жандандыру мәселесін зерттеуде Ж.А.Қараев компьютерлік оқыту технологиясының мәнін негіздеді. Бұл жерде ғалым өз ойын деңгейлі дифференциацияны жүзеге асыру мен студенттердің танымдық қызметін жандандыруға бағыттады. Ж.А.Қараев студенттердің танымдық қызметін жандандыруға бағдарлай отырып информатиканың үздіксіз оқыту тұжырымдамасын жасады [7, 4б.].

Студенттер қазіргі замандағы жетістіктерді, алыс және таяу шет мемлекеттердегі және басқа да жаңалықтарды оқу орындарында және оқудан тыс уақыттарда біле алады. Белгілі бір тарихи тақырып бойынша студенттердің білімін зерттегенде, олардың әртүрлі деректер бойынша алған білімдері оқулықтар мен дәріс және семинар сабақтарда берілетін тапсырмалардан әлдеқайда көп екендігі анықталған. Өкінішке орай, дәстүрлі оқыту үдерісі барысында студенттердің білім мен іскерлікті өз бетімен меңгеруі, кездейсоқ және жүйесіз сипат алады, кейде кері бағытта да болуы мүмкін. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өз бетімен білім алу үдерісі дамуына нақты жағдай жасауда. Өйткені, электронды оқулықтар өзінің негізгі ерекшеліктері бойынша студенттерді өз бетінше жұмыс жасауына ықпал етеді.

ҚР-сы Білім және ғылым министрлігі қабылдаған мемлекеттік білім беру стандарты студенттерге қойылатын жалпы талаптар оқу жүктемесінің жалпы көлемі білім беру - оқу бағдарлама мазмұнының міндетті минимумы және қойылатын қажетті талаптар, негізгі білім алған әр сатыдағы мамандарды жеке тұлға ретінде пайдалану ортасын қарастырады.

Дәстүрлі және электронды оқулық кітаптар төменгі функциялардың барлығын ойдағыдай орындайды: оқыту, дамыту, тәрбиелеу, сезімді ояту, бақылау-түзету. Арнайы жасалған бағдарламалық оқулық кітаптарын пайдаланғанда бақылауға, түзетуге білімге диагноз қоюға, іскерлікке байланысты сұрақтар тиімді түрде шешіледі. Оқытудың кез келген технологиясы өзгерістерге сай студенттер мен оқытушылардың жалпы өмір практикасының талаптарына орай ыңғайланып отырады.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту Республикалық ғылыми-әдістемелік білімді ақпараттандыру орталығы жасаған электронды оқулықтарды және оқу бейнефильмдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Студент үшін электронды оқулық дайын мәлімет, жыл бойы оны өз бетінше толықтырып, белгілі мақсатқа негіздей отырып, аралық бақылау және бітіру емтиханына даярланады. Ал жоғарғы оқу орындарындағы оқытушыларға электронды оқулық – ол әдістемелік жүйе яғни оқу әдістемелік кешен, ол өзінің жинақталған тәжірибесін толықтыра түседі. Ж.Сағымбаева өзінің диссертациялық жұмысында электронды оқулық туралы мәселелерге тоқтала келіп, «электроника білімге жол ашады. Ал электронды жарияланымдарды пайдалана отырып ғылыми әдебиеттерге оңай және тез қол жеткізуге болады» деген пікір айтады [8, б. 7].

Электронды оқулықтардың ерекшелігі үлгіге сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі. Электронды оқулықтар оқу және зерттеу материалдарын толықтыратын, қосымша қолдануға толық жарайтын қажетті құрал болып есептеледі. Электронды оқулықтарды мына мақсаттарға пайдалануға болады: электронды анықтама ретінде; электронды есеп ретінде; көрнекілік

(иллюстративтік) материал ретінде; оқулық құралы ретінде; зертханалық жұмыстарда; жеке жұмыс жасауда; шығармашылық бағытта; білімді тексеру барысында. Электронды оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады: «оқу», «оқыту», «бақылау және тексеру»

[9, 376.]. Оқулықтар мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалады. Оған әрбір пәннің мамандары, көрнекті саланың ғалымдары мен педагог-дидакттар, әдіскерлер, бағдарламашы-дизайнерлер, операторлар қатысады.

Электронды оқулықтар студенттердің өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, студенттердің терең тиянақты білім алушылық сапаларын көтереді. Сонымен бірге барлық оқу үдерісінің – алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды. Студенттердің үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Ақпараттық білім беру-танымдық ойлау мен ақпараттық өзіндік анықтамалар, білімді автоматты түрде бағалаудың тестілік әдістерін даярлап береді.

ҚР Президентінің 2010 ж. 7 желтоқсанда №1118 Жарлығымен ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, оны іске асыру екі кезеңге бөліп қарастырылған. 2020 жылға дейін білім беру жүйесі мектептер мен ЖОО-да барлық әлемдік білім берудегі ақпараттық ресурстарына on-line қолжетімділігін қамтамасыз етілуі қарастырылған. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында білім беру жүйесінде сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен еліміздің білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [10].

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы білім беру жүйесі заманауи талаптарға сай өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде студенттерге білім беру үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндіктің барлығы жасалған. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген жас ұрпақты тәрбиелеу қажет. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі қарқынды даму сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін студенттердің белсенділігін арттыру, іздемпаздыққа үйрету және менгерген білімді практикада қолдана білуге тәрбиелеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы // Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, - 2006., – 66 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, - 2007., - 70 б.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауынан. -2012ж. 28 қаңтар

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі журналы. – Алматы, 2004. - № 2. - 4-16

5. Оразымбетова А. Білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың келешегі зор., // Ақиқат. -2008., №11, -23-25 бб.

6. Кириллова Г.Д. Теория и практика урока в условиях развивающего обучения: Учебное пособие для студентов педагогических институтов. - М.: Просвещение, 1980. - 179 с.

7. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану

// Информатика. Физика. Математика. -1994. №3. -Б.3-6.

8. Сағимбаева Ж. Методическая подготовка студентов в условиях информатизации теории и методики обучения иностранным языкам: автореф. ... к.п.н. - Алматы, 1999. -28 с.

9. Каймин В.А. Информатика и дистанционное обучение. Пособие для преподавателей, учителей и студентов. - М., 1996. - С. 17-18.

10. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана. -2010.

Құрманбаева А.Ә., ф.ғ.к.,
баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОНДЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазақстан Республикасы да егемендік алған жылдардан бері бұқаралық ақпарат құралдарын жан-жақты дамытуда елеулі нәтижелерге жетіп отыр. Егемендігіміз жарияланған сәттен бастап бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 30 маусымда қазақстандық БАҚ өкілдерімен кездесуінде: «... біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеністігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табуы тиіс. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қағидаларымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті», - деп айтқаны белгілі.

Академик Ғарифолла Есім: «...біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп те жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» жасыру мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария етілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде».

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры екендігіне күнделікті көзімізді жеткізіп жүрміз. Қай мемлекеттің болмасын бұқаралық ақпарат құралының қызметкерлері өз еліне де, шетелдіктерге де керекті ақпаратты жинап, сапалы қызмет ету үшін жан-жақты ізденуде.

Қазақстанда қоғамдағы электронды бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы мен дамуын әр жылдардағы жаңа саяси технологиялардың өзгеруіне байланысты үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – 1991-1998 жылдар аралығы Бұл уақытта Қазақстан Республикасы өзінің дербес Конституциясын қабылдап, жаңа саяси жүйеге өтіп,



Данаева Н.Т.	
Электрондық оқулықтың қажеттілігі мен жүйелері	173
Дәулетбақов Б.	
Білім берудің электронды моделі.....	177
Джарасова Т.Т., Сулейманова С.А.	
Инновационные технологии в обучении иностранным языкам	180
Досыбаева Г.К.	
Американские университеты: осуществление дистанционного обучения	183
Досымшалова Г.Е.	
Дәстүрлі БАҚ және интернет БАҚ.....	186
Дудинова Е. И., Мухамадиева Л.И.	
Кейс-метод в системе журналистского обучения	192
Дуламбаева Р.Т., Сагиндыкова А.Б.	
Значение информационных технологий на современном этапе развития АПК РК.....	195
Екшембеева Л.В.	
Языковая стратегия сайта	198
Елғондинова А.	
Хуан Рамон Хименестің кітаптарындағы жаңашылдық пен шындық.....	201
Ергалиева Ж.А.	
Шрифты и визуальные коммуникации.....	204
Жаксылықбаева Р.С.	
Журналистің шығармашылық мәдениетіндегі кейбір мәселелер.....	206
Жанабаев Қ., Мусин А., Жамбылова А.	
Роль электронных технологий в развитии познавательной мотивации студентов 1-го курса на занятиях по издательскому делу и дизайну	210
Жаңабекова М.А., Еденова С.	
Өткен шақ формасының құрылымдық жүйесін электрондық басылымдарда салыстыру.....	213
Жаңабекова М.А., Колесникова Т.П.	
Электрондық басылымдар арқылы тіл үйренудің заманауи әдістері	215
Кәрібаева А.Б.	
Жаңа медиа мен технологиялардың кітап оқу индустриясына енгізген өзгерістері	218
Касенова Д.	
Мен кімін?	221
Қозғамбаева Г.Б.	
Студенттерге білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданудың қажеттілігі.....	222
Құрманбаева А.Ә.	
Қазақстанда электронды бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы.....	227
Құрманбаева А.Ә.	
Электронды технологияның рөлі, ондағы Adobe өнімінің орны	229
Қабылғазина К.	
Интеллектуалды ұлт өкілін қалыптастырудағы ұстаз рөлі	233
Ложникова О.П.	
Реформирование отечественного радиовещания и его роль в создании интеллектуального потенциала нации.....	236
Мархабаев А-Х.Ф.	
Фантастика жанры – интеллектілік кешілі	239
Муканова Г.К.	
Медиа в дискурсе идентификации Казахстана и центральной Азии	243
Мұсалы Л.Ж.	
Оқытуда электронды ресурстарды қолданудың тиімділігі	247
Мысаева Қ.Н.	
Журналистік білім беруде конвергентті журналистиканы оқыту жолдары	249
Нагимов Р.	
Инновационные инструменты технологий современного издания.....	250